

## МҰҚАҒАЛИ – МӘҢГІЛІК ҒҰМЫР

( М. Мақатаевқа 80 жыл )

Өздеріңізге белгілі биыл Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, ақиық ақын Мұқағали (Мұқаметқали) Мақатаевтың туғанына 80 жыл толып отыр.

Мұқағали Мақатаев 1931 жылы 9 ақпанда Алматы облысының бұрынғы Нарынқол ауданындағы Қарасаз топырағында дүниеге келген. Ақынның азан шақырылып қойылған аты – Мұқаметқали. Бірақ, «пайғамбардың атын алып жүру жас балаға ауырлық етеді», - деп атанасы оны кішкентай күнінен «Мұқағали» деп еркелетіп атап кеткен.

1948 жылы онжылдық мектепті бітіргеннен кейін ақын 1948-1949 жылдары ҚазМУ-дың филология факультетінде оқып, өзінің туған ауылында ауылдық кеңестің хатшысы, қызыл отау меңгерушісі, жергілікті комсомол қызметкері, жетіжылдық мектепте мұғалімдік қызметтерін атқарады. Мұқағали өлеңдерін ең алғаш мектептің қабырғасында жүргенде жазып, бірді-екілі туындылары аудандық баспасөз беттерінде жарияланған. 1970 жылы Жазушылар одағына мүшелікке қабылданып, 1973-1974 жылдары Мәскеудегі Әдебиет және өнер институтында оқыған болашақ ақын Қазақ радиосында дикторлық қызмет атқарғанда да, республикалық баспасөзде жұмыс істеген жылдарында да әдеби шығармашылық өмір тынысынан бір сәт те ажырамай, ақындық қабілетін одан әрі шыңдаған. «Қазақ әдебиеті» газетінде, «Жұлдыз» журналында поэзия бөлімдерінде қызмет атқарып, Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясында әдеби кеңесші болған, КСРО Жазушылар одағындағы қазақ әдебиеті бойынша кеңесші міндетін де атқарған.

Ақынның алғашқы жырлары 1948 жылы Нарынқол аудандық «Советтік шекара» газетінің беттерінде жарияланды. Жас ақын талантын алғаш рет елуінші жылдардың соңына таман Әбділда Тәжібаевтың аңғарып, сәтті сапар тілеп, бір топ өлеңдерін «Қазақ әдебиеті» газетінде жариялатуы – оның ақындық жолын біржолата айқындап берді, әдеби өмірге еркін араласуына жол ашты.

Мұқағалидың 1954 жылы «Әдебиет және искусство» (Жұлдыз) журналында бір топ өлеңдері жарық көрді. «Қазақ әдебиеті» газетінде өлеңдер топтамасы оқырманға жол тартты. Арада он жыл салып, 1964 жылы тұңғыш кітабы «Ильич» атты поэмалар жинағы жарыққа шықты. Ал, 1966 жылы «Армысындар, достарым!» атты өлеңдер мен поэмалар кітабы, 1967 жылы «Қарлығашым, келдің бе?» атты жыр жинағы оқырман қолына тиіп, қаламгерлік беті айқындалған, өзіндік қолтаңбасы бар ақынның тұлғасын танытты.

Ақын өмір бойы: «Нағыз ақын алдымен ойшыл, философ болуы керек. Поэзияда философ болу – өзін қоршаған әлемді ұғыну, әр заттың мәнін білу, ақырына дейін адам жанының инженері болып қалу» деген қағиданы ұстанған. Мұқағали өлең жазумен бірге шахматты, аңға шығуды, балық аулауды өте жақсы көрген.

Мұқағали 1949 жылдың көктем айында жары Лашынмен отау құрады. Ақынның Алмагүл, Шолпан, Ләззат атты қыздары, Жұлдыз, Айбар деген ұлдары бар. Майгүл атты қызы 10 жасында көлік апатынан қайтыс болған. Қазіргі таңда ақынның төрт немересі бар.

«Поэзия! Менімен егіз бе едің? Сен мені сезесің бе, неге іздедің?!», - деп, тебіренетін Мұқағали бүкіл ғұмырын, жан дүниесін қалтқысыз өлең жолына арнады. Талантты да, шамырқанысты ғұмыр кешіп, үдете өнімді жазды. Таланты бай, ішкі рухани қуаты берік ақын небір тамаша лирикалық жырларын ұсынды. «Мавр» (1969), «Дариға жүрек» (1972), «Аккулар ұйықтағанда» (1974), «Шуағым менің» (1975) жинақтары қазақ поэзиясында өзіндік белесті із қалдырып, өз оқырмандарын тапты.

Мұқағали Мақатаев «дәл қырықтың бесеуінде» «ұйықтап кетсем болғаны төсегімде» деп өлең жазып, дәл қырықтың бесеуінде бауыр циррозы ауруынан қайтыс болған. Тұңғыш кітабы «Ильич» 1964 жылы жарық көрсе, көзі тірісінде жарық көрген соңғы кітабы «Өмірдастанға» 1976 жылдың 2 ақпанында басуға қол қойылыпты. Осы он екі жылдың аралығында ақынның он бір кітабы жарық көріпті. «Ильич», «Армысындар, достарым!», «Қарлығашым, келдің бе?», «Мавр», «Шөп жапырақтары», «Сонеттер», «Құдыретті комедия», «Дариға жүрек», «Аккулар ұйықтағанда», «Шуағым менің», «Өмірдастан». Бірақ, ақынның жыл сайын дерлік шығып тұрған жыр жинақтары шетінен жұп-жұқа, кіп-кішкентай кітапшалар болатын. 1976 ақын

қайтыс болғаннан кейін жарық көрген бір ғана «Өмір – өзен» кітабының көлемі (14, 5 табак) көзі тірісінде жарық көрген бес кітабының көлемімен барабар болып шықты. Кешегі кеңес заманында бүкіл жазғанының тек төрттен бірі ғана шыққан қазақ ақыны тек Мұқағали. Оның атын да, даңқын да өзі өлгеннен кейін жарық көрген кітаптары шығарған. «Мен ХХІ ғасырдың құрдасымын. Бәлкім одан әрідегі ұрпақтардың туысымен да», - деп жазған екен ақын өз күнделігінде. Қазіргі таңда ақынның осы сөзінің шындығына біздің көзіміз толықтай жетіп отыр. Арамызда ақынның өмір тарихын, поэзиясын білмейтін қазақ жастары жоқ шығар.

Мұқағали Мақатаев поэма, дастандарымен, талантты лирикалық шығармаларымен, әлем әдебиетінің кесек туындыларын қазақ тіліне аудару арқылы қазақ әдебиетінің тарихында ерекше орын алып, жарқын да, шынайы талантымен кеңінен танылып үлгерді. Ақын соңында бай да талантты қаламнан туған мұралар қалдырды. Оның жеке өмірі мен шығармашылық ізденістерінің ішкі бірлігі, тұтастығы, дүние құбылыстарына деген шыншыл да сезімтал ақындық көзқарасы туындыларынан барынша айқын аңғарылады. Шығармашылық өмірінің алғашқы қалыптасу кезеңі бүкіл кеңес әдебиетінде үлкен серпіліс тудырған алпысыншы жылдардағы «жылымық» жылдарына тұспа-тұс келген ақын дүниетанымы одан кейінгі социалистік қоғамдағы тоқыраудың әуелгі жылдарында күрделі қайшылықтарға ұшырады. Ал, өткен ғасырдың соңындағы қайта құру, қазақ елінің тәуелсіздік алу кезеңін ақын өз көзімен көре алмай кетті. «Бәсіре» (1981), «Зов души» (1981), «Соғады жүрек» деген екі томдық таңдамалы шығармалар жинағы (1982), «Шолпан» (1984) атты кітаптары қалың оқырман қолына тиді. 1991 жылы үш томдық таңдамалы шығармалар жинағы жарық көрді.

Мұқағали У. Уитменнің «Шөп жапырақтарын» (1969), В. Шекспирдің «Сонеттерін» (1970), Дантениң «Құдіретті комедиясының» «Тамұқ» атты бірінші бөлімін (1971) қазақ тіліне аударып жариялатты.

Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында, Қазақ елінің тәуелсіздік алған кезеңінде Мұқағали мұрасына жаңаша көзқарас қалыптасты, ақын мұраларын танудың жаңа бір кезеңі басталды. Ақынның шығармалары өзбек, қырғыз, т. б. тілдерге аударылған. Сондай-ақ, Мұқағали Мақатаевтың әдеби мұрасын зеттеуде кандидаттық диссертациялар қорғалып (Б. Бегманова «М. Мақатаев лирикасының ұлттық сипаты», А. Носкова «М. Мақатаевтың өлеңдеріндегі анафора мен эпифораның қолданылуы», Ж. Өтейұлы «Мұқағали Мақатаев поэзиясының көркемдік жүйесі», Ұ. Тұрбекова «Мұқағали Мақатаев ақындығының лирикалық табиғаты», Қ. Хамидуллаев «Мұқағали Мақатаевтың ақындық шеберлігі»), тіл білімінде З. Қазанбаева «Мұқағали Мақатаев лирикасының грамматикалық ерекшеліктері» шығармалары турасында 700-ге тарта еңбек (мақала, естелік-эссе, роман, өлең, т. б.) жазған. Ақын қайтыс болғаннан кейін Қазақстан Республикасының Жазушылар одағы Мақатаев атындағы әдеби сыйлық тағайындады (1985), ақынға Қазақстан Республикасының Мемлекеттік сыйлығы (1999), «Ғасыр ақыны» атағы берілді. 60 жылдық мерейтойы қарсаңында ақынның туған жерінде мұражайы ашылды. Алматыда ақын атында мектеп, көше және сол көше бойында Мақатаевқа арналған ескерткіш бар. Мұқағали Мақатаев өлеңдеріне Н. Тілендиев, Д. Рақышев, Ш. Қалдаяқов, І. Жақанов, А. Қоразбаев, Т. Рахимов, М. Рүстемов, Т. Мұхамеджанов, Ә. Тінәлиев, Б. Оралұлы, Т. Досымов, т. б. сазгерлер ән жазды.

Мұқағали Мақатаев өлеңдері – ұлттық поэзияның жаңа бір белеске көтерілгендігін, жаппай еуроцентристік ағымға ойысқан заманда қазақтың қара өлеңінің шынайы қасиеттерінің қадірі артып, бұрынғыдан да толысып, кемелдене түскендігінің куәсі. Ол қазақ өлеңінің ұлттық бояуы мен рухын ұстанды, түрлендіре байытты да, сонымен қалың қазақ оқырмандарының жүрегіне жол ашып, ұлттық поэзияның шашасына шаң тимес тарланбозы ретінде мәңгілік ұялап қалды. Сонымен қатар, ақын қазақ лирикасын ХХ ғасыр әдебиетінің озық дәстүрлерімен талантты түрде құнарландырды. Білікті, парасатты ақын ретінде өз заманының ірі мәселелеріне қалам толғаса, соның өзінде қазақ өлеңі мен ана тілінің ғасырлар қойнауынан нәр жинаған аталы дәстүрін бұзбай, жарасымды дамытты.

Мұқағали Мақатаев поэма жанрында да ерекше қолтаңбасымен дараланады. Қазақ тарихының құбылысты мәселелеріне барумен бірге, өзі өмір сүрген кезең шындығына да қалам толғады. Саяси-әлеуметтік, қоғамдық-саяси сарындағы поэмаларының өзінде шынайы көңіл шымырқаныстарына толы көркем шындықты бейнелейді. Ол поэма жанрын тақырыптық

жағынан байытты, жанрлық-стилдік тұрғыдан жаңғырта түсті. Дастан, поэмаларында лирикалық сарындар, азаматтық-әлеуметтік тыныс, тарихи арна барынша жеке-дара оқшауланып көрінді. Саяси тақырыптарға да барып, бірнеше талантты поэмалар қалдырды. «Аққулар ұйықтағанда», «Дариға жүрек», «Арман», «Досыма хат», «Алтай-Атырау», «Мұзбалақ», «Қырандар, қош болындар», «Ару ана» поэмалары – әдебиет тарихында елеулі орыны бар, көркемдігі кемел, психолгиялық талдауларға ден қойған, қазақ елінің әр кезеңдегі ахуалын, жан-дүниесін терең ашып көрсеткен туындылар. 1973 жылы мерзімді баспасөзде жарияланып, кейін кітаптарында жарық көрген «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы ақынның шығармашылық өмірінің ерекше бір шоктықты биігі. Поэма кезінде әдеби үрдісте де соны серпін әкелгендей болды. Негізінде, ақынның поэма, дастан секілді ірі жанрлардағы шығармалары көркемдік табиғаты жағынан лиро-эпостық сипаты басым болып келеді.

Ал, ақынның «Райымбек! Райымбек!» поэмасы көркемдік шеберлігімен қатар, қазақ тарихының қатпарлы тарихына батыл баруымен тарихи аса ірі тұлғаның әдеби-көркем бейнесін алғаш рет даралап сомдауымен тағы да бір жаңа белесті ашты. Поэзияда қазақ тарихының күрделі тақырыбын жан-жақты ашып берді. Поэма жазылған тұста қазақ прозасында тарихи тақырыптарға арналған күрделі романдар тізбесі жарық көре бастаған, тарихи тақырып қазақ әдебиетінің басты проблематикасына айналған болатын. Осынау күрделі тақырыпқа Мұқағали өз қатарларының ішінде алғашқылардың бірі болып қалам толғады. Сонымен қатар, жұртшылық алдында айтылмай келген батырдың тұлғасын сомдады.

2005 жылы 25 қарашада Мұқағали Мақатаев атындағы халықаралық қор құрылған. Қордың мақсаты – ақын шығармашылығы жөнінде ғылыми-теориялық конференция өткізу, түрлі шараларды ұйымдастыруға атсалысу, ақын шығармаларын қайта бастыру ісіне басшылық ету, байқаулар ұйымдастыру, Мұқағали мұражайларына мүмкіндігінше көмектесу, ақын шығармаларын талантты аудармашылар арқылы шетел оқырмандарына жеткізу болатын. Қордың президенті – Айдарова Бақытгүл Мұқағаликеліні.

Ақынның туған жері Қарасазда Энгельс атындағы совхоз болған. Қазіргі таңда бұл совхоз «Мұқағали ауылы» деп аталады. Сондай-ақ, Алматыдағы Пастер көшесіне Мұқағалидың аты берілген. Ал, Алматы облысы, Еңбекшіқазақ ауданы, Нұра ауылында табиғаттың өзі мүсіндеген Мұқағали бейнесіне ұқсайтын жартас бар. Бұл жартас тұрған сай қазір «Мұқағали сайы» деп аталады. Тегістік селосындағы «Тегістік» орта мектебіне Қазақ ССР Министрлер Советінің 1984 жылғы 28 сәуірдегі қаулысы бойынша қазақтың ақиық ақыны Мұқағалидың аты берілген. Ақын атындағы оқу орындары Тараз қаласында, Оңтүстік Қазақстан облысы аудандарында, Алматы облысының Іле, Райымбек, Еңбекшіқазақ аудандарында бар. Соның бірі – Алматы қаласындағы Мақатаев атындағы №140 мектеп-гимназия 1990 жылдың 20 маусымындағы халық депутаттарының Алматы қалалық Советі атқару комитетінің №10/253 «б» шешімімен №65орта мектеп жанынан ашылып, 1991 жылы №140 мектептің ғимараты салынған соң жеке бөлініп шыққан. Мектеп фойесіне мүсінші Қайырбеков Нұрлан Нұрсадықұлының қолымен жасалған ақын мүсіні қойылған.

Алматы облысының әкімі Серік Үмбетовтің ұйғарымы бойынша Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдығы бір жыл бұрын жоспарланған екен. Ақынның 60 жылдығында ашылған музей қайта жөндеуден өтіп, Қарасаз ауылы абаттандырылған. Ақынды дүниеге әкелген анасына құрмет жасап, жаңа күмбез тұрғызылды. Сонымен бірге, ақын тойы қарсаңында «Мұқағалитану бастауы» сериясымен «Есіңе мені алғайсың», «Мен сірә өлмейтін шығармын», «Білгің келсе алдымен зертте мені» атты үш кітап облыс бюджетінің арнайы қаржысымен шығарылып отыр. Оған ақын жайлы жазылған естеліктер, зерттеулер, мақалалар мен өлеңдер, ән мәтіндері енді. Сондай-ақ, ақынның туған жері – Қарасазда 2010 жылдың көктем айында «Жырлайды жүрек» деген атпен Мұқағали сөздеріне жазылған ән байқауы республикалық деңгейде өткен. Бұл іс-шаралардың барлығы да Алматы облысының әкімі Серік Әбікенұлы Үмбетовтің ұйымдастыруымен өткен.

«Бүкіл менің жазғаным бар-жоғы бір ғана поэма. Адамның өмірі мен өлімі, қасіреті мен қуанышы туралы поэма. Егер нанбасаңдар, барлық өлеңімді жинап, бір жинаққа топтастырып көріңдерші. Естеріңде болсын, әрбір өлеңім өз орнында тұрсын», - деп жазыпты күнделігіне өлерінен бір ай бұрын. Ақынның сол айтқанын орындау мақсатымен «Жалын» баспасы 80

жылдығына орай әр өлеңін жазылған немесе жарияланған күні бойынша орналастырып, ол жайлы естеліктерді қоса биыл он алты томдығын шығаруды аяқтағалы отыр. Әр өлеңі, өлеңінің әр жолы халықтың қымбат өнер қазынасына айналаған классигіміздің шығармашылық та, өмірбаяндық та қыр-сыры күн санап халқы үшін қымбаттай беретініне күмән жоқ.

Белгілі артист Жұмабай Медетбаев Мұқағалидың ақындық образын сахнада сомдаса, оның ұлы кинорежиссер Әділ Медетбаев ақын туралы деректі фильм жасады. Режиссер Әділ Медетбаев ақынның «Моцарт. Жан азасы» шығармасы арқылы Мұқағали мен Моцартты сөйлестіреді. Моцарт «Реквием» арқылы музыка әлемін дүр сілкіндіреді, ал Мұқағали «Жан азасымен» сазгерге сөзбен ескерткіш қойды. Фильмнің ұзақтығы – 40-ақ минут. Тағдырлы туынды алдымен орыс тіліне, кейінірек неміс тіліне аударылып, Еуропаға жол тартатын болады.

Ақынның барлық еңбегі тұтастай алғанда, өткен ғасырдың екінші жартысындағы қазақ елінің рухани дүниесін, тұрмыс-күйін, арман-мүддесін, тарихи тұрғыдағы ұлттық портретін шыншылдықпен хаттаған асыл мұралар қатарына жатады. Өлеңмен де, өмірмен де бүкпесіз қауышып, қалтарыссыз сүйген ақын жүрегі соңғы деміне дейін кіршіксіз сезім өртіңде өтті. «Жүрегінің түбіне кір жасырмай» айтып кетті, армансыз ақтарылып кетті. Мұқағали Мақатаев – қазақтың қарапайым тілінің нәрі мен мәнін Абай, Қасымдардан кейін түсініп жазып, түсіндіріп өткен ақын. «Сөз өнерін дертпен тең» көрген парасатты қаламгер. Ақынның әр өлеңінде, әр шумағында бүкпесіз, ақжарқын көңілімен сазды сыр төгіп отырғандай. Өлеңнің ырғағынан да, тербелісінен де ақынның қимылын, дауысын, мәнерін естіп, мінез-құлқын танимыз. Өйткені ол өлеңнен, өнерден сыр іріккен емес. Өлеңге өз жан дүниесін ашты, өлеңнің сырлы құпияларын жария етті.

#### **Мұқағали Мақатаевтың 80 жылдық мерейтойына арналған мерзімді басылымдарда жарық көрген мақалалар тізімі**

Асылжанұлы, Б. Мұқағалидың лирикалық поэзиясы / Б. Асылжанұлы // Жұлдыз. – 2010. – № 10. - 177-185 б.

Бектасова, Г. Мұқағали Мақатаевтың бұлтты аспаны / Г. Бектасова // Түркістан. – 2011. – 3 ақпан (№ 5). - 9 б.

Каренов, Р. Мұқағали әлемі / Р. Каренов // Мұқағали. 2011. - № 1. – 36-46 б.

Машкеева, Н. Мұқағали Мақатаевтың «Райымбек! Райымбек!» поэмасының көркемдік ерекшеліктері / Н. Машкеева // Ақиқат. 2011. - № 1. – 59-61 б.

Мұқағали – Аңыз / дайындаған А. Ашанова // Қазақ әдебиеті. – 2011. – 4-10 ақпан (№ 5). – 1, 5 б.

Мұқағали Мақатаев // Жұлдыздар отбасы АҢЫЗ АДАМ. – 2011. - № 3. - 5-50 б.

Мұхан, А. Мұқағали – Мәңгілік ғұмыр / А. Мұхан // Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар. 2010. - № 4. – 21-25 б.

Тілеубаева, М. Мұқағали – тәрбие тарланы / М. Тілеубаева // Қазақстан мектебі. 2010. - № 7. – 31-33 б.

Үмбетов, С. Алаштың аяулы ақыны: Алматы облысының әкімі С. Үмбетовпен әңгіме / әңгімелескен Ж. Нұрғожаев // Мұқағали. 2011. - № 1. – 12-19 б.